Ленин туы

ВКП(б)Н Орталықтық Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ВКП(б)Н Петропавл қалалық комитетінің газеті

27-ші жыл
№ 35
(6995)
1945 жыл
Сейсенбі
20 февраль
Жеке саны
20 тыйын

Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қыспаққа ала отырып, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ВОРМДИТТ, МЕЛЬЗАК қалаларын тіке шабуылмен алды.

Батыр Қызыл Армия жауынгерлерінің даңқы арта берсін!

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

3-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы Армия генералы ЧЕРНЯХОВСКИЙГЕ Майдан штабының бастығы Генерал-полковник ПОКРОВСКИЙГЕ

3-БЕЛОРУС майданының әскерлері душпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қыспаққа ала отырып, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ВОРМДИТТ, МЕЛЬЗАК қалаларын тіке шабуылмен алды.

ВОРМДИТТ және МЕЛЬЗАК қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник ГОРБАТОВТЫҢ, генерал-лейтенант ОЗЕРОВТЫҢ, генерал-лейтенант ИВАШЕЧКИННІҢ, генерал-майор ГАРНИЧТІҢ, генерал-лейтенант УРБАНОВИЧТІҢ, генерал-майор НИКИТИННІҢ, генерал-лейтенант ЗАХАРОВТЫҢ, генерал-лейтенант ИВАНОВТЫҢ, полковник ТЕЛКОВТЫҢ, генерал-майор КОНОВАЛОВТЫҢ, полковник АБИЛОВТЫҢ, полковник ГРЕКОВТЫҢ, генерал-майор МИХАЛИЦИННІҢ, полковник КРИВЕНЦОВТЫҢ, полковник ВЯЗНИКОВЦЕВТІҢ, полковник СОБОЛЕВТІҢ, полковник ПЕРЕВОЗНИКОВТЫҢ, генерал-майор КРОНИКТІҢ, генерал-майор ДАЛМАТОВТЫҢ, генерал-майор МАЛЮКОВТЫҢ, генерал-майор ХВОСТОВТЫҢ, полковник ЦВЕТКОВТЫҢ әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі БАРСУКОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ВЛАДИМИРОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ВАСИЛЬЕВТІҢ, полковник АЙРАПЕТОВТЫҢ, полковник ПОПОВТЫҢ, генерал-майор КОРСАКОВТЫҢ, полковник СТАРЫНИННІҢ, полковник МАРГУЛИСТІҢ, полковник БАБИЧТІҢ, полковник КОРОЛЕВТІҢ, полковник ТУРГАНИНОВТЫҢ, генерал-майор КОЛОТИЛОВТЫҢ, полковник ГОЛОВЧЕНКОНЫҢ, подполковник ВЛАСЕНКОНЫҢ артиллериашылары; танк әскерлерінің генерал-полковнигі РОДИННЫҢ, полковник ОПАРИННІҢ, полковник ШМЫРЕВТІҢ, полковник ЯЧНИКТІҢ, полковник ЛОБАНОВТЫҢ, подполковник ТИМОФЕЕВТІҢ, подполковник КАРТАШЕВТЫҢ, подполковник ЗИРКАНЫҢ, майор ВЕДЕХИННІҢ танкшілері; авиация генерал-полковнигі ХРЮКИННІҢ, авиация генерал-майоры БЕЛОВТЫҢ, авиация генерал-майоры НЕЧИПОРЕНКОНЫҢ, авиация генерал-майоры ЗАХАРОВТЫҢ, полковник ШИНКАРЕНКОНЫҢ, полковник АНДРЕЕВТІҢ, полковник ЧУНЕВТІҢ, полковник ПРУДКОВТЫҢ, полковник ХАТМИНСКИЙДІҢ, полковник ЗИМИННІҢ, полковник ЕГОРОВТЫҢ, подполковник ЗАКЛЕПАНЫҢ, майор ЗАМОРИННІҢ, майор ЛАВРИНЕНКОВТЫҢ, майор ДЕЛЬФИННІҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-лейтенанты БАРАНОВТЫҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ЖИЛИННІҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры МЕЛЬНИКОВТЫҢ, полковник СЕВОСТЬЯНКОВТЫҢ, полковник ЛОГИНОВТЫҢ, майор РЕЙНСОННЫҢ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты БУРОВТЫҢ, байланыс әскерлерінің генерал-майоры МИШИННІҢ, подполковник КУРТУКОВТЫҢ, подполковник ЦИЛБОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хүрметіне, ВОРМДИТТ және МЕЛЬЗАК қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 17 февральда, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жиырма төрт зеңбіректен жиырма дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 3-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хүрмет көрсетеді.

ВОРМДИТТ және МЕЛЬЗАК қалаларын алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің бас қаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қиымылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 17 февраль. № 282.

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ МТСтарда

Қазақстанның алдыңғы қатарлы МТСтары Қызыл Армия күнін трактор жөндеу жұмысын мерзімінен бұрын аяқтаумен қарсы алмақ. Республикамызда 25 МТС тракторларды жөндеу жұмысын аяқтап, соқаларды, тырмаларды және тұқым сеңіштерді тәртіпке келтіруде. Талды қорған облысының Үштөбе, Петропавл және Комсомол МТСтары машиналарды жөндеп, өздерімен жарысқа түскен МТСтарға көмекке 30 механик және маман слесарьлар жіберді.

Қазірдің өзінде республикамызда 12 мың трактор жөнделді. Алғашқы 10 мың тракторды комиссия жақсы деген бағамен қабылдады.

Оңтүстік Қазақстан, Қызыл орда және Қарағанды облыстары трактор жөндеу жоспарын орындауға жуық.

Мақтарал ауданының (Оңтүстік Қазақстан облысы) колхозшылары уақтығы 7,5 километрлік жаңа канал қазуға кірісті.

* * *

АЛМАТЫ. Алматы МТСының (директоры Скоробогатов жолдас) коллективі трактор жөндеудің жылдық жоспарын облыста бірінші болып орындап, көктемгі егіске 83 машина дайындады. МТСтың жөндеуші жұмысшылары Қызыл Армияның 27 жылдығын ылайықты қарсы алу үшін жарысқа түсіп, 23 февральға дейін жоспардан тыс 4 трактор жөндеуге міндеттенді.

ССРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕН, ССРО ОТАН ҚОРҒАУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ МЕН БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕН

Большевиктер партиясының адал ұлы және Қызыл Армияның таңдаулы басшыларының бірі, 3-Белорус майданының қолбасшысы армия генералы Иван Данилович ЧЕРНЯХОВСКИЙДІҢ Шығыс Пруссиядағы ұрыс даласында ауыр жараланғаннан кейін 18 февральда қайтыс болғанын ССРО Халық Комиссарлары Советі, ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариаты мен БК(б)П Орталық Комитеті қайғырып хабарлайды.

Мемлекетіміз отан соғысының барысында ерекше көзге түскен ең талапты жас қолбасшыларының бірі—Черняховский жолдастан айрылды.

Армия генералы И. Д. Черняховский оның басқаруындағы әскерлер неміс басқыншылардан азат еткен Литва Советтік Республикасының астанасы—Вильнюс қаласында жерленеді.

Жерлеу шығыны мемлекет есебінен ұсталады.

Армия генералы И. Д. Черняховскийді мәңгі есте қалдыру үшін Вильнюс қаласында оған ескерткіш жасалады.

Литва ССР Халық Комиссарлары Советі мен Литва К(б)П Орталық Комитетінен

Большевиктер партиясының адал ұлы және Қызыл Армияның таңдаулы басшыларының бірі, 3-Белорус майданының қолбасшысы армия генералы Иван Данилович ЧЕРНЯХОВСКИЙДІҢ Шығыс Пруссиядағы ұрыс даласында ауыр жараланғаннан кейін 18 февральда қайтыс болғанын Литва ССР Халық Комиссарлары Советі мен Литва К(б)П Орталық Комитеті қайғырып хабарлайды.

Өзінің күші мен білімін түгелімен Литва халқын азат ету жолына жұмсаған батыр талапты қолбасшы Черняховский жолдасты Литва халқы мәңгі ұмытпайды.

И. Д. ЧЕРНЯХОВСКИЙ

Шығыс Пруссиядағы ұрыс даласында ауыр жараланғаннан кейін армия генералы Иван Данилович ЧЕРНЯХОВСКИЙ қайтыс болды.

Кеңес советі халқы Черняховский жолдасты Отан соғысының Батыры, Қызыл Армияның аса көрнекті қолбасшысы деп білетін.

Черняховский жолдас 18 жасынан бастап үшемі Қызыл Армия қатарында болды. Қызыл Армияның взвод командирінен артиллерия, танк және атқыш әскерлерінің дивизиялары мен корпустарының командирі дәрежесіне жетті. 1942 жылы Черняховский жолдас армия қолбасшысы қызметіне және 1944 жылы майдан әскерлерінің қолбасшысы болып тағайындалды.

Отан соғысы жылдарында совет-герман майданының негізгі учаскелерінде оның армия қолбасшысы және майдан қолбасшысы ретінде өткен жауынгерлік өмір жолын Воронежден Тарнопольге дейін, Оршадан Кенигсбергке дейін жеңімпаздықпен шабуыл жасауы ыспаттайды.

Қызыл Армияның соғыс қиымылдарының барысында Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың көптеген бұйрықтарында Черняховскийдің есімі атап көрсетілді.

Совет үкметі Черняховский жолдасқа талай рет жоғары наградтар берді: оған Советтер Одағының Батыры атағы екі рет берілгін, төрт Қызыл Ту орденімен, I-дәрежелі Богдан Хмельницкий орденімен, I-дәрежелі Кутузов орденімен және I-дәрежелі Суворов орденімен наградталды.

Совет Отанының жеңуі жолындағы нақты істе өзінің ерлік істерімен Отан соғысында ерекше көзге түскен Черняховский жолдас совет халқына және бүкіл Қызыл Армияға аса хүрметті болды.

Ленин—Сталин партиясы ісіне шексіз берілген Черняховский жолдас өзінің бүкіл өмірін ақырына дейін толығынан Қызыл Армия мен Совет Отанына қызмет ету жолына жұмсады.

Армия генералы Черняховский жолдас жеңімпаздықпен қорғаған іс мәңгі жасайды.

ЖУКОВ, ВАСИЛЕВСКИЙ, ВОРОШИЛОВ, ТИМОШЕНКО, БУДЕННЫЙ, ШАПОШНИКОВ, БУЛГАНИН, ЩЕРБАКОВ, АНТОНОВ, ГОВОРОВ, БАГРАМЯН, МАКАРОВ, ХОХЛОВ, РОКОССОВСКИЙ, КОНЕВ, ПЕТРОВ, МАЛИНОВСКИЙ, ТОЛБУХИН, ВОРОНОВ, ХРУЛЕВ, ЯКОВЛЕВ, ФЕДОРЕНКО, НОВИКОВ, ВОРОБЬЕВ, ПЕРЕСЫПКИН, ШТЕМЕНКО, КУЗНЕЦОВ, ГОЛИКОВ, СМОРОДИНОВ, ПОКРОВСКИЙ.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінде

Майданда опат болған армия генералы Иван Данилович Черняховскийдің үй-ішін қамтамасыз ету жөнінде

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. И. Д. Черняховский жолдастың үй-ішіне: әйелі Анастасия Григорьевна Черняховскаяға, қызы Неонила мен ұлы Олегке 125 мың сом мөлшерінде біржолғы жәрдем берілсін.

2. И. Д. Черняховский жолдастың үй-ішіне мына мөлшерде: әйелі А. Г. Черняховскаяға—өмір бойына айсайын 2000 сом, қызы Неонила мен ұлы Олегке 1000 сомнан дербес көмек белгіленсін.

МАЛ ҚЫСТАТУ ҮЛГІЛІ ӨТКІЗІЛУДЕ

ОРАЛ Приорал ауданындағы колхоздарда мал қыстату ойдағыдай өткізілуде. Мал өте күйлі.

«Республика» колхозы мал жайлімін жақсы ұйымдастырды. Мұнда мал үшін ықтама салынған, шопандар жылы үйлермен, киіммен қамтамасыз етілген. Бұларға аудан орталығынан үгітшілер келіп, еліміздегі және Отан соғысы майдандарындағы жаңалықтарды түсіндіріп тұрады. Киіз үйлерде әншілер мен домбырашылар үзбей концерт беріп тұрады.

Сол сияқты мал қыстату жұмысы Ворошилов атындағы, «Социализм» және Жамбыл атындағы колхоздарда да ойдағыдай өткізілуде.

Совет Хабаршы бюросынан

17 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3-УКРАИН майданының әскерлері душпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қыспаққа ала отырып, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері ВОРМДИТТ, МЕЛЬЗАК қалаларын тіке шабуылмен алды, сол сыяқты ПЛАУТЕН, НАИХОФ, БОРНИТТ, КЛИНГЕНБЕРГ қыстақтарын ұрыспен алды.

ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауы бойымен шабуыл жасай отырып, ГРУПНЕ, ФЕТЕНАУ, БУШИН, СКШИНКЕН, МЕДЗНОШЕ, ОШЕ қыстақтарын алды.

ПОМЕРАНИЯДА ШТАРГАРД қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды, мұнымен қатар ШНАЙДЕМЮЛЬ қаласының солтүстік жағындағы ормандарда әскерлеріміз душпанның қоршауға алынған әскер тобын жойып жіберді сөйтіп немістердің 8000нан аса солдаты мен офицерін қырып салды. 2000дай неміс қолға түсіріліп, жаудан мынадай олжа: 13 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 30 жай зеңбірек, 35 миномет, 154 пулемет, 384 автомашина, соғыс мүлкін тиеген 120 ат-шана қолға түсірілді.

ПОЗНАНЬДА әскерлеріміз душпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, ВАРТАНЫҢ шығыс жақ жағалауындағы қала маңындағы қыстақтарды алды. Сонымен, душпанның қоршауға алынған гарнизоны қалдықтарының қолында тек ғана ЦИТАДЕЛИ тұр. 16 февральда бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 6000нан аса солдаты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 13 зеңбірек, 52 пулемет, 6000нан аса винтовка мен автомат, 125 автомашина, 40 ат-шана, 184 вагон және әртүрлі соғыс мүлкін тиеген 16 склад қолға түсірілді.

СИЛЕЗИЯДА БИНЦЛАУ қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде ХЕРМЕДОРФ, ХАММЕР, НОЙХАУС, РАУША, ШНЕЛЛЕНФУРТ, ТОММЕНДОРФ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. 16 февральда бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 1100ден аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) қаласының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыспен алға баса отырып, 60тан аса елді жерлерді, оның ішінде ЗАХВИЦ, КУБЕРТУС-ХОФ, ВИРОВИЦ, ШЕНБАНКВИЦ, БОРАУ, ГРЮНХАРТАУ, БРОЗЕВИЦ үлкен қыстақтарын алды. Мұнымен бірге, әскерлеріміз БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) қаласында қоршауға алынған душпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді.

ДУНАЙДЫҢ солтүстік жақ жағалауында КОМАРНОНЫҢ шығыс жағында ГРОН өзенінің батыс жағында тұрған әскерлеріміз душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды, сөйтіп жауды адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

16 февральда барлық майдандарда немістердің 106 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 41 самолеті атып түсірілді.

18 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

18 февральда КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз немістердің Шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, РОБИТТЕН, ТАЛЛИНГЕН, ОРШЕН, ВИЛЬДЕНХОФФ, БУХХОЛЬЦ, ЛАЙС, ЛЯНГВАЛЬДЕ қыстақтарын алды.

ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) ауданында әскерлеріміз ВИСЛАНЫҢ батыс жақ жағалауы бойымен солтүстікке қарай алға баса отырып, ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласында қорғанын тұрған душпанның гарнизонын қоршауға алуды аяқтады, сөйтіп ГРОСС-ДРАГАС, КРУШ, МОНТАУ, ГРОСС-ЗИБСАУ, ВАРЛЮБИН қыстақтарын алды.

ПОМЕРАНИЯДА ШТАРГАРД қаласының оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын ойдағыдай тойтарды. Мұнымен қатар, ШНАЙДЕМЮЛЬДІҢ солтүстік жағындағы ормандарда әскерлеріміз душпанның қоршауға алынған тағы бір әскер тобын жойып жіберді, сөйтіп немістердің 2000дай солдаты мен офицерін, оның ішінде жаудың Шнайдемюльдегі гарнизоны инженерлік қызметінің бастығы полковник Курхаупты қолға түсірді.

БРАНДЕНБУРГТЕ ШВЕРИН қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз бір кезде темір-бетоннан салынған 30 қорғану бекінісінен құралған немістердің ұзақ уақытқа арналған тіректі бекінісі шептері ауданын қоршауға алған болатын. Әскерлеріміз жаулы ұзақ уақыт бойына қоршауда ұстап, оған қарсы артиллериядан үнемі нөсерлете оқ жаудырғаннан кейін, бұл тіректі бекіністің гарнизоны тізе бүкті, мұнымен бірге әскерлеріміз немістердің 1245 солдаты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 48 зеңбірек, 25 миномет, 15 огномет, 230 пулемет, 800 карабин, 40 автомашина, 388 прицеп қолға түсірді.

ПОЗНАНЬДА душпанның ЦИТАДЕЛЬДІ өз қолдарында ұстап тұрған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

СИЛЕЗИЯДА әскерлеріміз ЗАГАН және НАУМБУРГ қалаларын ұрыспен алды.

БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) қаласының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарының нәтижесінде ЛАНДАУ, БЕЙЛАУ, КАПСДОРФ, ГРОСС-ЗЕГЕВИЦ, ТРОШДОРФ, ДУКВИЦ, ЯСВИЦ, КЛАЙН-ТИНЦ, ЮДЮРГХАРТАУ, ТИФЕНЗЕ, ПУДИГАУ қыстақтарын алды. Мұнымен бірге, БРЕСЛАУ қаласында қоршауға алынған душпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

ДУНАЙДЫҢ солтүстік жақ жағалауында, КОМАРНОНЫҢ шығыс жағында әскерлеріміз душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтаруда болды. 17 февральдағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 43 танкі қыйратылды, жойылды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

17 февральда барлық майдандарда немістердің 115 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 88 самолеті атып түсірілді.

* * *

Кенигсберг қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз немістердің Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қыспаққа алуда болды. Совет бөлімдері душпанмен қатты қарсылығын жеңе отырып, үлкен орман алаңын гитлершілдерден тазарта ты. Бірнеше күшті бекіністі тіректі пункт алынды. Немістердің 2000дай солдаты мен офицері және душпанның 22 танкі жойылды. Немістерден 22 зеңбірек, 70 пулемет, 65 автомашина, 2 темір жол эшелоны тағы басқа олжа қолға түсірілді.

* * *

Грудзяндз (Грауденц) қаласы ауданында әскерлеріміз кескілескен ұрыстар нәтижесінде душпанның қорғану шебін бұзып өтті. Совет бөлімдері немістердің қорғану шебінде пайда болған бос алаңға қарай тап берді, сөйтіп өтуге қыйын батпақты жерлерде орағыта әдіс жасап, Грудзяндз (Грауденц) қаласындағы душпанның гарнизонын қоршауға алды. Гитлершілдер қоршау шеңберін бұзып, қоршаудан шығу үшін әлденеше рет жанталаса әрекет жасады. Душпанның жаяу әскерлері мен танктері күн тәулік ішінде әлденеше рет қарсы атакаға шықты. Жаяу әскерлеріміз жаудың барлық қарсы атакаларын тойтарып, қаланың шет аймақтарына басып кірді, сөйтіп душпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде. Ұрыс дадасында жаудың солдаттары мен офицерлерінің көптеген өліктері қалды. Душпаннан 42 зеңбірек, 440 автомашина, 246 мотоцикл, әртүрлі соғыс мүлкін қойған 5 склад және басқа олжа қолға түсірілді. 400 неміс қолға түсірілді.

* * *

Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алған майор Кожедубтың басқаруындағы 6 истребитель самолет 1-Белорус майданында аспан әлемінде өткелдерімізді бомбалауға тырысқан немістердің 30 самолетін кездестірді. Совет ұшқыштары душпанға қауырт шабуыл жасап, оның әскери қатарын тозғындатты. Неміс ұшқыштары алып шыққан бомбаларын өз әскерлерінің үстіне тастап, ұрыстан бой сақтауға тырысты. Истребительдеріміз душпанды өкшелете қуа отырып, немістердің 8 самолетін атып түсірді. Оның ішінде майор Кожедуб жаудың 3 истребителін жойып жіберді.

* * *

Силезияда әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері екі күнге созылған ұрыстар нәтижесінде немістердің гарнизонын талқандап, Заган қаласын алды. Қаланың көшелерінде жаудың солдаттары мен офицерлерінің 1400 өлігі қалды. Заган—Бобер өзеніндегі немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі және қатынас жолдарының маңызды торабы. Мұнда 6 темір жол тоғысады. Советтің екінші бір бөлімдері шабуылды дамыта отырып, бүгін Квейс өзеніндегі Наумбург қаласын алды. Бір темір жол станциясында майдан әскерлері жаудан 14 паровоз және әртүрлі жүк тиеген 900 темір жол вагонын қолға түсірді. Немістердің 800ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

Ұшқыштарымыз күнтәулік ішінде әуе ұрыстарында немістердің 35 самолетін атып түсірді. Мұнымен бірге аэродромдарда душпанның 30 самолеті жойылды.

* * *

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы Балтық теңізінің оңтүстік бөлегінде душпанның транспорты мен күзет катерін суға батырды.

* * *

Немістердің 91-артиллерия полкындағы 3-дивизионның 1-Белорус майданында қолға түсірілген командирі капитан Вдали Нафцигер мынаны мәлімдеді: «Менің дивизионым 6-жаяу әскер дивизиясындағы 6-артиллерия полкінің қарамағына берілген болатын. Офицерлер мәслихатында полк командирі майор Брунг былай деп мақтана сөйледі. «Біздің қорғану шебіміз мейлінше нығайтылды және мұнда көптеген техника топтандырылды. Орыстар енді бұл қорғану шебімізді бұзып өте алмайтындай болды». Мұндай әңгімелерді басқа офицерлер де айтып жүрді. Бұдан бірнеше күн өткеннен кейін біз қатты қайғыға ұшырадық. Орыс әскерлері бұзылмастай болып көрінген шебіміздің күл-талқанын шығарды. Талқандалған бөлімдеріміз тозғындап кері шегінді. Енді бәрі түсінікті болды. Соғыстың Германия үшін қолайлы болып аяқталуына ешбір үміт жоқ. Ел күйзелуде. Оның резервтері сарқылып барады».

Майданшылардың үй-іштеріне күнбе-күн қамқорлық жасалсын

Преснов ауданында майданшылардың үй-іштері мен Отан соғысының мүгедектеріне көмек көрсету жөнінде арнаулы қор жасалды. Аудан еңбекшілері бұл қорға арнап, 18,5 центнер астық, 77 центнер картоф, 100 центнер овощь, 49 килограмм мүн, 35 пар шима, сол сыяқты көптеген киім-кешек және 8724 сом қаржы жыйнады.

Алайда бұл ауданда жауынгерлердің үй-іштері мен Отан соғысының мүгедектеріне жыйналған қордан жәрдем беру ісінің барысы ойдағыдай болмай отыр. Айта кету керек, ауданда жауынгерлердің үй-іштері әлі күнге дейін толық есепке алынбаған. Ал есепке алынған 1203 үй-ішінің небары 294не ғана жәрдем жасалған. Жыйналған қордан майданшылардың үй-іштеріне небары 19 килограм астық, 33 төрі, 35 пар аяқ киім, 3300 сом қаржы, 101 текшеметр отын, 51 центнер шөп берілген. Ал қалған буйымдар түрмыстық жағынан мұқтаждық көріп отырған үй-іштеріне таратыпты орнына, бірсыпра уақыттан бері аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қоймаларында жатыр.

Сол сыяқты әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі Воропаева жолдас ауданда Отан соғысының неше мүгедегі бар екенін де білмейді. Воропаева жолдас кеңседе отырмайтын көрінеді. Сондықтан қамсыздандыру бөліміне келген Отан соғысының мүгедектері оны 3—4 күн іздеп жүретін болған.

Майданшылардың үй-іштері мен отан соғысының мүгедектеріне күнбе-күн қамқорлық жасау—бүкілхалықтық іс. Преснов ауданының басшылары бұл іске тікелей басшылық етуге міндетті.

280 центнер астық тасыды

Ленин ауданындағы «Орталық» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері түкпірдегі пунктерден астық тасу жұмысына мемлекеттік тұрғыдан қарап, оны күшті қарқынмен жүргізуде. Олар аз уақыттың ішінде станция маңындағы дайындау орнына 280 центнер астық жеткізді.

Колхоз басқармасы түкпірдегі пунктерден астық тасуға 12 пар көлік шығарып, бұл жөнінде арнаулы бригада құрды. Бригада мүшелері қазіргі күнде жұмыс қарқынын еселеп күшейтуге бар күштерін жұмсауда.

Қ. ЖАПАРОВ.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ

Одақтық Ғылым Академиясы Қазақ филиалының хабарлары басылып шықты. Тіл және әдебиет бөлімі, бірінші кітап. Жыйнақта мынадай мақалалар бар:

Мұхтар Әуезов—орыс классиктері мен Абай, Бейсенбай Кенжебаев—Сұлтанмахмут туралы, Ысқақ Дүйсенбаев—қазақ ақындары Отан туралы, Есмағамбет Смайылов—соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеттері туралы, Әлкей Марғұлан—Қорқыт күйі, Сейіл Жиенбаев—сабақтас сөйлемдердің топтастырылуы (кандидаттық диссертация), Нымет Сауранбаев—құрамалас сөйлемдер және олардың даму жолдары (докторлық диссертациядан үзінді), Жұмат Досқараев—қазақ тіліндегі лексикология мен семасиология т. б.

Кітап почтамен жіберіледі, бағасы 20 сом.

Адрес: Алматы, Киров көшесі, 69-үй. № 26 бөлме, тіл секторы.

* * *

Облыстық деп саулық бөлімінің Солтүстік Қазақстан облыстық дезинфекция бөлімі 15 февральдан бастап дезинфекциящылар дайындайтын екі айлық курс ашады. Оқушылар айына 200 сом стипендиямен, асханамен, пәтер үймен қамтамасыз етіледі. Курсты оқып бітіргендер жұмысқа орналастырылады.

Адрес: Петропавл қаласы, Базарбай көшесі, 106-үй. Облыстық денсаулық бөлімінің тазалық сақтау және эпидемия бөлімі.

Қызыл Армия күніне әзірлік

Петропавл қаласының кәсіп орындары, мекемелері мен оқу орындары Қызыл Армия күніне қызу әзірленуде. Партия оқу үйінде семинар өткізілді. Оған 200 адам қатысты. ҚК(б)П Орталық Комитетінің лекторы Мыхтин жолдас семинарда баяндама жасады. Барлық кәсіп орындары мен мекемелерде Қызыл Армия күніне және Совет халқының тарихи жеңісіне арналған лекциялар мен баяндамалар өткізілуде.

Жатақ үйлерде әңгімелер өткізілуде, газеттер оқылады. Клубтарда және қызыл мүйістерде Отан соғысы жауынгерлерімен кездесу ұйымдастырылып, сурет көрмелері ашылмақ.

* * *

Қызыл орда облысындағы «Звезда» колхозының өнершілер артелінің цехтарында істейтін комсомол мүшелері Рлуцкая мен Екатеринова жолдастар Қызыл Армияның 27 жылдығын лайықты қарсы алу үшін жарысқа түсіп, еңбек өнімін 200 процентке дейін арттырды. Мата тоқушы 48 жұмысшы мен жүн ірушілер февраль айының бірінші жартысында екіжұзшілер қатарына қосылды.

Редакцияның адресі: КССР Петропавл қаласы, Ленин көшесі 12 Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 00124